

Циолвоский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебі

Ашық сабақ



Тақырыбы: *Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» Аян тағдыры*

Мұғалім: Құрбан Ж.Б.

Сынып: 6 «А»

Шымкент-2024

| | | | |
|--|--|---|----------------|
| Бөлім: | 3-бөлім: Анықбен өрілген көркем сөз | | |
| Педагогтің аты-жөні: | Құрбан Жанат Болысбекқызы | | |
| Күн: | 15.02.24 | | |
| Сыныбы: | 6 «А» | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Оралхан Бөкеев «Тортай мінер ақ боз ат» Аян тағдыры | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 6.1.2.1 - әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.2.1 - эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; | | |
| Сабақтың мақсаты: | әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді; эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтайды; | | |
| Сабақтың барысы: | | | |
| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау |
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 5 мин. | (Ү). Ұғымдастыру кезеңі: Бүтінгі сабақта Сынгалурылық құрылымның элементтерін қолданамын. MANAGE MET – сыныпты басқару құралы, оқушыларды 4 адамнан тұратын бір командаға біріктіремін, кімнің қасында және кім қарсы тұрады, қарсылас ретінде, қалай қарым-қатынас жасау керек.Осы техникмен топқа біріктіріп аламын. Ол үшін «Бір кесе шай» әдісін пайдаланамын. Амандасу. -Иықтас серіктесімең, бетпе-бет серіктесімең амандасалды. -Қонақтармен амандасалы. | MANAGE MET – сыныпты басқару құралы, оқушыларды 4 адамнан тұратын бір командаға, «Бір кесе шай» әдісі арқылы бірітсді. Амандасалды. | |
| Жаңа сабаққа кірісіне | Өткен тақырыпты қайталап, еске түсіру мақсатында сұрақтарға жауап береді. «5 неге?» әдісі арқылы Сұрақтар: 1. Неге Тортай тас күркеде тұрды? 2. Неге Тортай кітапқа құмар болды? 3. Неге Тортай Ораштың үйіне келді? 4. Неге Тортай «Ақбоз атқа» міне алмады? 5. Неге Тортай кітапты пір тұтты? | Сұрақтарға жауап береді. | АҚТ |

Сабақтың ортасы
15 минут

Топтық тапсырма. Әр топ аяларында тұрған конверт ішіндегі тапсырмаларын орындайды.

«F.I.A толтыру» әлісі бойынша тапсырма беріледі.

I топқа :

F.I.A сызбасын толтыру

(F/Дерек/- шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау:

I/Тікір/-кейіпкер туралы өзін ой - пікірі;

L/Сұрақ/ кейіпкердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар;

A/с-арекет/ автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Дескриптор:

1. Шығармадағы кейіпкерлерді табады.

2. Кейіпкердің образдық тұлғасын ашады

II топқа-«Жинақтау» әлісі бойынша Тортайға сипаттама берейік.

II топқа

«Жинақтау» әлісі бойынша Тортайға сипаттама берейік.

Тортай

Сыртқы бейнесі

Іс -арекеті

Мінезі

Қызғушылығы

Әлеуметтік жағдайы

Дескриптор:

1. Тортайдың сыртқы бейнесін, мінезін ашады.

2. Тортайдың әлеуметтік жағдайын сипаттайды.

3. Тортайдың іс -арекетіне қызғушылығын жазады

III топқа

«Жос құты» тәсілі бойынша бүтінгі балалар мен Тортайдың арман -мақсаттарын салыстыру.

Дескриптор:


1. Бүтінгі балалар мен Тортайды салыстырады.

2. Бүтінгі балалар мен Тортайдың арман -мақсаттарын анықтайды

Түрлі-түсті
конверт



| | | | | |
|-----------------|---|--|--|---|
| <p>10 минут</p> | <p style="text-align: center;">IV-V топқа</p> <p style="text-align: center;">Шығармадан үйінді беремін. Рөлдік ойын сомдайды.</p> <p>Дескриптор: -рөлдік ойынды сомдайды;</p> <p>2-тапсырма: Жұптық жұмыс. Тапсырма конверт ішінде. КЛОСК ВУДДИС - «уақыттағы достар», топтың белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір тапсырманы «Тортай ақ боз атпа мінә алды ма?» сұрағына «ДПОС формуласы» тәсілі арқылы өз ойларын дәлелдеу.</p> <p>1-сөйлем: «Менін ойыма, ...» 2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...» 3-сөйлем: «Оны мапа деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...» 4-сөйлем: «Осыған байланысты мен мынандай қорытынды шешімге келдім: ...»</p> <p>Дескриптор: 1. Ойларын дәлелді түрде нақты жеткізе алды Түрлі түстер көңілді смайликтер 2. Өз пікірін сыни көзқараста өмірмен байланыстыра алды</p> <p>Сергіту сәті: «Ақтердік шеберлік» <i>Өлең шумағын</i> 1-топ шатпанын, 2-топ жұрайын, 3-топ әндестің, 4-топ зәуапкерсің айту. 5-топ билеп</p> <p>Пай, пай, Өмірі! Өтесің-ау бір күні. Тыжым-ау қуанышты, күлкіні. Өмір деген - бір жарқ еткен найзағай, Өмір деген - көк аспанның күркірі. Пай, пай, Өмір, Өтесің-ау бір күні! (М.Мақатаев)</p> | <p>КЛОСК ВУДДИС - «уақыттағы достар», топтың белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір тапсырманы орындау.</p> |  | <p>Оқулық, жұмыс дәптерлері. Кесте.</p> |
| <p>5 мин</p> | <p>Сергіту сәті өз денсөйкінде орындайды.</p> | | | |

| | | | | |
|--|--|--|---|--|
| <p>2 мин</p> | <p>Жеке жұмыс: «Бір минуттық эссе» жазу Тақырыбы: «Менің арманым...»</p> <p>Декриптор: -эссе талабын сақтайды; -дәлел келтіреді; -сауатты жазды;</p> | <p>Эссе жазды</p> |  <p>Рефлексия</p> <p>Бағдарлам өлісі</p> <p>Маған түсінікті</p> <p>Менің сұрағым бар</p> <p>Мен түсінбедім</p> |  |
| <p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.</p> | <p>Жеке жұмыс: Рәділет платформасы арқылы «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы кері байланыс береді. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Түпнұсқасы: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құлды болуын қалайлайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.</p> | <p>Жеке жұмыс: - бүтінгі сабақта мен... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім. - бүтін сабақта қуантқаны, ... - мен өзімді... үшін мақтар едім. - маған ерекше ұнағаны... - сабақтан соң маған... келді - бүтін маған... сәті түсті. - қыдықты болғаны... - ...қияндық туырдым. - менің түсінгенім... - енді мен... аламын.</p> | <p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 балдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті балды қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Көшекетпеу» әдісі арқылы бағалайды.</p> |  |



Циолвоский атындағы №84 жалпы орта білім беретін мектебі

Әдеби кеш



Тақырыбы: *«Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай»*

Мұғалім: Құрбан Ж.Б.

Шымкент-2024

Кештің мақсаты:

Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, әндері мен поэмаларымен танысу. Ақынның өлеңдері мен поэмалары арқылы жасөспірімдерді әсемдікке, елжандылыққа, елін-жерін сүйуге талпындыру.

«Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай»

Видео көрсетіледі. **«Бүгін менің туған күнім ой пәлі-ай!»**

1-жүргізуші:

Батар күн, келер күн, атар таң, шығар күн,
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын.
Осы мен осылай мәңгілік тұрармын,
Осы мен сірәде өлмейтін шығармын.

2-жүргізуші:

Өмірім сірә де, әріден басталған,
Әріден басталып, мәңгіге тасталған.
Осы мен өлмейтін, өлмейтін шығармын,
Сәл ғана мызғып ап қайтадан тұрармын.

1-жүргізуші:

Бүгінгі 9 «ә» және 10-шы сынып оқушыларының ұйымдастыруымен өткізгелі отырған **«Бүгін менің туған күнім ой пәлі-ай»** атты М.Мақатаевтың туған күніне арналған әдеби-композициялы кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Бүгін менің туған күнім,
Ой, пәлі-ай!

Мына адамдар ңеге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай!», - деп мұндаған ақынның өмірден өткеннен кейінгі туған күндері халық болып тойланатын болды. Бүгінде біз бен сіз болып ақынымыздың туған күніне жиналып отырмыз. Артына өшпес із қалдырған ақиық ақынымызды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

1-жүргізуші:

М.Мақатаев-ғажайып, ақиық, гуманист ақын. Ол бізге көрінбейтін сиқыр бояулардан, бізге естілмейтін құпия дауыстардан шабыт алатын ақын.

2-жүргізуші:

Иә, дұрыс айтасың. Ақын өлеңдерін оқыған сайын ақиқат бейнелі рух, сезім мен сананың бірлігі көңілге ұялайды. Аламан бәйгеге оза шауып, өлең-жырда шамасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз. Олай болса қыран тағдырлы ақынның өмірбаянымен таныстыратын 10-шы сынып оқушылары:

1-жүргізуші:

Ақын өзінің аз ғана ғұмырында өшпес із, жалынды жырларын қалдырды. Оқырманды тәнті еткен «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек», «Моцарт» атты дастандары бар. Қазіргі таңда ақынның сөзіне жазылған әндер эстрада төрінде шырқалып жүр.

2-жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем әнмен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар,
Әсем ән мен тәтті күй,-деп Абай атамыз айтқандай әнге кезек берейік.
Қолдарова Гаухардың орындауында «Жас қайың» әні.

1-жүргізуші:

Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын?
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан тамызбаймын?!
6 -шы сынып оқушысы Гүлсезім «Жоқ, дәрігер!» өлеңі.

2-жүргізуші:

Отан!
Отан!
Сен болмасаң не өтер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,
Өмірден бұл өксіменен өтер ем.
Жалғыз мекен-Отаным!,-деп тайға таңба басқандай жазып кеткен ойлары,
бүгінгі, болашақ ұрпақтың бәріне айтылған ақыл-өсиет. Бұл сөздерді әрбір
қазақ жүрегіне үкі етіп тақса артық етпейді. Ендеше ақынның Отанына, туған
жеріне, қазақ еліне арнаған өлеңдеріне кезек берелік.
«Отаным»---- 9ә сынып оқушысы Назирова Дилнура
«Елім барда»

1-жүргізуші:

Поэзия- адам жанын тебіrentкен, айтылмай, бейнеленбей тынбайтын өктем
рухтың бейнесі. Мұқағали ақынның өзі де поэзияға арнап қаламынан жыр
төккен.

2-жүргізуші:

«Поэзия»- 10А оқушысы Күнсұлу
«Ей, өмір»--- 9Ә оқушысы Ханшайым
«Дос болам десең»--- 9Г оқушысы Маржан
Күй: « ----- ». Орындайтын «10 » сынып оқушысы
Балауса

1-жүргізуші:

Махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына соқпай кететін ақын жоқ. Өйткені махаббат мәселесі-бұл мәңгілік тақырып.

2-жүргізуші:

Иә, махаббат әлемін Мұқағалидай жырлаған адам жоқ шығар.

Мұқағали ақынымыздың «Махаббат диалогі» біздің нұсқамызда. Арсен мен Гүлзаданы қарсы алыңыздар.

1-жүргізуші:

Ақын махаббатқа бас иді, оның кеудесі сарқылмас сағынышқа толы, ал сағына білген адам сүйе біледі, сағына білген адам өзге жанды түсіне алады, жұбата да алады.

Ақын шығармаларының үлкен бір саласы поэмалары. «Ильич» 1964 жылы, «Мавр» 1970 жылы, ең асылы, ең биігі «Аққулар ұйықтағанда». Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» жинағында жарияланған.

2-жүргізуші:

Олай болса «Аққудың қанатынан жазылған сыр» Аққулар ұйықтағанда поэмасынан үзінді. (көрініс: Аққулар ұйықтағанда)
6 сынып оқушылары Дархан мен Диасты қарсы алыңыздар

Ал, енді құрметті қонақтар Сіздерді, біздің дайындаған сахналық қойылымымызды тамашалауға шақырамыз. «Жетімдер үні»

1-жүргізуші:

_____ , кеш басталғалы бері ақынымыздың өлеңдері оқылып жатыр. Осында отырған көрермендер ақынымыздың өлеңдерін жатқа білеме екен?

2-жүргізуші:

Білмеу мүмкін емес. Ендеше ойын ойнайық. Осы отырғандардың қайсысы болсын Мұқағали ақынымыздың өлеңін жатқа оқыса сыйлық берейік. (ойын ойнатылады)

1-жүргізуші:

10-шы сынып оқушысы Қолдарова Гаухарды «Сәби болғым келеді» әнімен қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші:

Міне, бүгінгі кешке қатысқан тыңдарман қауым, Мұқағалидың сырлы, әуенді, мұңды жырларына қанық болдыңыздар деп ойлаймыз.

1-жүргізуші:

Жылдар тізіліп өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі тұлғалана, биіктей түседі. Оның рухани қазынасын ұлт игілігіне асыратын 21-ші ғасырдың жастары-сендерсіңдер!

2-жүргізуші:

«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан-жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек! Мұқағали мәңгілік өмір.

1-жүргізуші:

Сонымен ақиық ақынға арнаған «**Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай**» атты әдеби-композициялы кешіміз аяқталды. Ендігі кездескенше аман-сау болыңдар.

2-жүргізуші:

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

